8D02206 – Тарих білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Оралова Ақнұр Амангелдіқызының «Батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі (1689–1785 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесші, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Зиябек Ермұқанұлы Қабылдиновтың

ПІКІРІ

«Батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі (1689–1785 жж.)» атты бұл диссертациялық жұмыста Абылай ханның әйгілі қолбасшыларының бірі Қожаберген Жәнібекұлының тұлғалық келбетін ашып көрсетуді мақсат етеді. Бұл тақырыптың зерттелуіне түрткі болған негізгі себеп көрші Ресей, Қытай және Моңғолиядағы архив қорларында сақталған құжаттардың елге жеткізілуіне, зерттелуіне қатысты туындады. Қазіргі кезде біраз зерттеулер жасалды, деректердің кешені де қордаланды.

Дегенмен, тұлғаны түрлі қырынан зерттеу әлі де өз деңгейіне жете қойған жоқ. Жұмыстың деректік қоры бұрын жарияланбаған құжаттық материалдар мен қолданыстағы деректерді, аға-буын тарихшылар зерттеуін толық қарастыруға тырысқан. Алға қойған міндеттері мен мақсаттарын негізінен орындаған. Қол жеткізген нәтижелерінде жаңалықтары бар.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны ғылыми талаптарға сай құрылған. Жұмыстың деректік негіздері мен тарихнамасы бірінші тарауда арнайы қарастырылған. Зерттеудің тарихнамасында Қожаберген батырға қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге тарихнамалық талдау жасалған. Ауызша және жазбаша деректер мен архив құжаттарына кең түрде сипаттамалар берілген, тарихи деректердің түрлері мен оларды ғылыми айналымға енгізу тәсілдері айқындалған.

Екінші тарауда Қожаберген батырдың шығу тегі, өскен ортасы және жоңғар-қазақ қатынастарындағы қызметі нақты мысалдармен дәлелденеді, батырдың халық жадындағы тұлғалық бейнесі, қазақ–жоңғар қарым-қатынастарындағы Қожаберген батырдың соғыс-мәмілегерлік қызметі, қазақтардың шығыстағы атамекеніне қайта қоныстану үдерісі және қазақтың шұрайлы жайылымдық жерлері үшін күрес баяндалған.

Үшінші тарауда тұлғаның Абылай ханнан кейінгі кезеңдегі саяси және дипломатиялық қызметі, қазақ-орыс байланыстарындағы орны және халықаралық қатынастардағы беделі ғылыми тұрғыда қарастырылған, қазақ–қытай саяси-дипломатиялық қарым-қатынасындағы қызметі, қазақ сауда керуендері мен шекаралық сауда жәрмеңкелерінің Қазақ-Цин қатынастарына ықпалы талданған.

Ізденуші Қожаберген батырдың өмірі мен қызметін архив деректерімен, шежіре және ауызша тарих үлгілері мысалында қарастырған. Батырдың шығу тегі мен Абылай дәуіріндегі әскери-дипломатиялық қызметі жөнінде тың тұжырымдар ұсынған. Жұмысты жазуда бұрынғы деректер мен шежірелер

жүйеленіп, салыстырмалы-тарихи және деректанулық талдау әдістері тиімді қолданылған. Қожаберген батырдың XVIII ғасырдың 2-жартысындағы саяси ролі мен халықаралық қатынастардағы беделін тарихи контексте ашып көрсеткен. Қазақ-жоңғар, қазақ-башқұрт, қазақ-орыс, қазақ-қытай байланыстарының озара сабақтастығы нақты мысалдармен дәйектелген.

Зерттеу Омбы, Орынбор және Ресейдің сыртқы саясат және көне актілер архивтерінің, сондай-ақ Қытайдың тарихи архивінің қытай тіліндегі материалдарына сүйенеді. Қожаберген батырдың Ресей империясымен дипломатиялық байланыстарға қатысқан беделді тұлға екенін дәлелдейді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – Қожаберген Жәнібекұлының бейнесін тек әскери қолбасшы ретінде емес, сонымен қатар ел бірлігін сақтаудағы, сыртқы саясаттағы мәмілегерлік қабілетімен танылған тұлға ретінде сипаттауында. Қожаберген Жәнібекұлының тұлғасын тек батыр немесе халық қорғаушысы ретінде емес, кәсіби дипломат, мәмілегер, мемлекет қайраткері ретінде кешенді түрде қарастырғаны. Автор XVIII ғасырдың орта тұсындағы қазақ-цин қарым-қатынастарының нақты оқиғаларына сүйене отырып, батырдың елшілік миссияларына қатысуы, шекаралық аймақтарды қорғаудағы ролі мен бейбіт келіссөздердегі үлесін алғаш рет жүйелі түрде сипаттайды.

Зерттеу нәтижелері ғылыми және практикалық тұрғыдан құнды. Материалдар отандық тарих, тұлғатану, деректану пәндерінде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында қолдануға жарамды.

А.А. Оралованың диссертациялық жұмысында тақырыптың тарихи және мәдени маңызы ашылған, деректанулық база кең, ұлттық тарихнамаға қосылған жаңа деректер мен салыстырмалы талдаулар бар, Қожаберген батырдың бұрын зерттелмеген дипломатиялық қыры зерттелген, зерттеу материалдары өте бай және көптілді деректерге сүйенген, ғылыми тіл мен стиль жоғары деңгейде сақталған.

Қорытындылай келгенде, Оралова Ақнұр Амангелдіқызының диссертациялық жұмысы қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді, ғылыми аппарат дұрыс қолданылған, зерттеу нәтижелері дәйекті және ғылыми негізделген. Диссертациялық жұмыс мазмұны, құрылымы мен ғылыми маңызы жағынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА академигі **З.Е. Кабылдинов**